«Қарағанды көлік-технологиялық колледжі» КММ

# Дана Абай, дара Абай



Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына
арналған виртуалды көрме



Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.

Мұхтар Әуезов



depositphotos

Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы классик ақыны, ағартушы демократы, ұлтымыздың рухани мақтанышы. Абай өз ауылында арабша хат танығаннан кейін, он жасында Семей қаласындағы Ахмет Ризаның медресесінде 3 жыл оқиды. Оқуға зерек, ұғымтал Абай діни сабақтармен қоса өз бетінше араб, парсы тілдерін үйреніп, шығыс классиктері: Низами, Сағди, Хафиз, Науан, Физули еңбектерімен танысып, тағылым алады. Абай ақыл-ой санасы толысқан шағында ел билеу ісінен аулақтанып, ақындық өнер жолына түседі. Өз бетінше шығыс, батыс, орыс елдері ақындарының, ойшыл оқымыстыларының еңбектерін оқып, білімін толықтырады. 1870 жылдарда Петербургтен айдалып келген революционер Михаэлиспен танысып, дос болады. Михаэлис Петербург университетінің студенті, Чернышевскийдің жолын куушы, демократ-революционер еді. Михаэлис арқылы Абай айдаудағы орыс демократтары: доктор Долгополовпен, табиғат зерттеушісі, тарихшы Леонтьевпен танысады. Солар арқылы ол орыстың белгілі ақын-жазушылары: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Шедрин, Некрасов; сыншыл, ойшыл-демократтары Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов; Батыс Еуропа ақындарымен: Гёте, Байрон, философ ойшылдарынан: Спенсор, Спиноза, Дарвин, т.б. еңбектерімен танысып, тәлім-тәрбие алады.









**Абай - ұлы ақын, ғалым, философ**

**Абай - қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, аудармашы, көркемсөз шебері**

**Абай – сазгер, күйші**

**Абай – ұлы ойшыл, ағартушы, саяси қайраткер**



depositphotos




**Абай сана-сезімді тәрбиелеудегі қоғамдық ортаның ролін материалистік тұрғыдан түсіндіре білді. Адамның жақсы-жаман болуы, ақылды-ақылсыз болуы генетикалық негізге байланысты, ақ сүйек тұқымынан шыққандар ақылды, батыр, алғыр болады деген буржуазиялық нәсілдік, идеалистік көзқарасқа қарама-қарсы. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», - деді. Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы. Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Біздің түйсігіміз бен қабылдауымыз, түсінігіміз айналадағы ақиқат шындық өмірдің сәулесі ғана.**

depositphotos



**Қазақ халқының тұтас бір дәуірінің ақыл-ойы мен мәдениетінің, өнері мен әдебиетінің асқар шыңын бейнелейтін кемеңгері Абай Құнанбаев - өз ұлтының реалистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, қазақ поэзиясын қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, өз кезінің шындығын дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген прогресшіл ақын. Ол халқының болашағы үшін жан аямай қызмет етті, оны мәдениет нұрына үндедеі. Белгілі бір тарихи кезеңнің алға қойған сұрауына жауап беріп, елінің әдебиет көшін зор мақсатқа меңзеді.меңзеді. меңзеді. меңзеді.**




Абай (Ибрагим) Құнанбаев
Ағартушы лирик
Ақыл- ойдың алыбы
Ғылым-білім туралы өлеңдер
Табиғат лирикасы
Жазба әдебиеттің негізін салушы
Өлеңдерінің тілі, түр жаңалықтары
Ән, өнер, өнер адамы
Махаббат-достық лирикасы
поэмалары
Қарасөздері, афоризмдер
сазгер
Әндері:
“Сегіз аяқ”, “Көзімнің қарасы”,
“Қараңғы түнде тау қалғып”,
“Айттым сәлем, қаламқас”,
“Татьяна сөзі”...
Күйлері:
“Абайдың желдірмесі”
“Май түні”
“Торжорға”

# Абайдың асыл мұрасы
























# Абайтану




Мекемтас Мырзахметұлы
Абайтану
1


АБАЙ
ТУРАЛЫ
ЕСТЕЛІКТЕР


АБАЙ
Николай Анастасьев
ЖИЗНЬ ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫХ ЛЮДЕЙ


АБАЙ ТІЛІ
сөздігі


АБАЙ ЖОЛЫ
ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ


МҰХТАР ӘУЕЗОВ
АБАЙ ЖОЛЫ
1


Қайым Мұхамедханов
АБАЙДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНА ТҮСІНІКТЕМЕ
НАУЧНЫЕ КОММЕНТАРИИ К ПРОИЗВЕДЕНИЯМ АБАЯ
Алматы
2009 ж.



**Абайдың өміріне қатысты қызықты деректер**

- Абайдың шын есімі - Ибраһим. Әжесі Зере "Абай" деп еркелеткеннен кейін "Абай" атанып кеткен;
- Абай көптеген өлеңдеріне өзі ән жазған. Олардың ішіндекеңіене тарғаны – «Көзімнің қарасы»;
- Абай алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялап жүрген;
- Абай 13 жасында ел басқару жұмысына араласқан;
- Абайдың алғашқы махаббаты – Тоғжан;
- Абай 1860 жылы Ділдәмен отау құрған. Ол кезде Абай 15 жаста болды;
- Абай 16 жасында әке болды;
- Абай Құнанбайұлы 21 жасында болыс болып сайланды;
- Абай екінші әйелі Әйгерімге 30 жасында үйленген;
- Еркежан – Абайдың әмеңгерлік жолмен үйленген әйелі. Ол Абайдың інісі Оспанның қалыңдығы болған;
- Абайдың 36 жасында тұңғыш немересі Әубәкір дүниеге келген.

depositphotos

Абай әндері... қазақтың музыка мәдениетінің өсу, дамуында үлкен күрделі орын алады.

А.Жұбанов.



Шырқап, қалқып, сызылып, тамылжиды,
Жүрек тербеп оятар бойға жиды.
Бұл дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.
Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Үнің тәтті оралған мәні оятар.

Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

Абай өз өлеңіндегі музыка қазынасына тіпті барлық басқа өнер мұраның бәрінен де артықша биік орын берген.

М. Әуезов.

depositphotos
depositphotos

# Абай әндері

- Тәңір қосқан жар едің сен.
- Амал жоқ – қайттым білдірмей.
- Сегіз аяқ.
- Көзімнің қарасы.
- Қор болды жаным.
- Бойы бұлғаң.
- Ішім өлген сыртым сау.
- Айттым сәлем, Қаламқас.
- Біреуден біреу артылса.
- Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа.
- Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма.
- Сен мені не етесің.
- Ата-анаға көз қуаныш.
- Сұрғылт тұман дым бүркіп.
- Сүйсіне алмадым, сүймедім.
- Мен көрдім ұзын қайың құлағанын.





# Абайдың қара сөздері







Қара сөзі, қара өлеңі қарымды,
Толғайды Абай мұңым менен зарымды
Абай сынды дана туған халықтың,
Ұл-қызы да болу керек дарынды



Абай Құнанбайұлы

## Бірінші сөз

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық - әурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албырқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін





**Абай – ақын емес, пайғамбар,
ол-ғұлама. Бұл заңды. Өйткені Абай
– бір тұтас халықтың рухани әлемі.
Артында асыл мұрасы ұрпақтан
ұрпаққа жетер, мәңгілікке ұласар
асыл қазына.**

**Жамбыл Жабаев**

Назарларыңызға рақмет